

ТАҒЛЫМЫ ДАРА ТҮЛҒА

МУБӘРӘК ҮМБЕТАЕВ

*филология ғылымдарының
кандидаты, Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ доценті.*

Қазіргі, тәуелсіз заманымыздағы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өткен жиырмамыншы ғасырдың 1934-1991 жылдары аралығында Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді С.М.Киров атындағы мемлекеттік университеті деп аталатын. Біз осы университеттегі филология факультетінің қазақ бөліміне 1966 жылы оқуға түстік. Студент атандық. Никольский базар деп аталатын төңіректегі ҚазГУ-дің үш қабатты жатақханасынан орын тиіп, масайрап қалдық. Қуанышымыз – ерекше, шексіз.

Басқаны қайдам, менің өзімнің астанамыз Алматыны бірінші көруім еді. Сондықтан маған бәрі таңсық, бәрі керемет, таң-тамаша. Қаланың екі жағы бірдей көк тіреген жап-жасыл қарағай, қайың, емен, теректермен көмкерілген кең-кең көшелері мен тап-таза тротуарлары, суы аспанға атқыған фонтандары, ғасырлық алып ағаштар көлеңкелерінде дамылдап тұрғандай биік-биік көп қабатты үйлері – бәрі-бәрі көз жауын алып, адамды бір ғажап күйге бөлейді. Көңіл тоқ, киім көк, уайым жоқ, ара-тұра қол босай қалғанда қаланың сәнді, сәулетті тұстарын қайта-қайта аралап қоямыз. Көрген сайын көзіміз тоймайды!

Әсіресе, Қазақстан Үкімет үйінің төбесінде желмен желбіреп тұрған мемлекеттік туымызды көргенде, кеудемді әлдеқандай асқақ қуат-күш кернеп, зор мақтаныш сезімі алып қашып, әжептәуір аспандап қалғаным бар! Бұлай болатыны – қаһарлы да қатыгез, қулық-сұмдығына құрық бойламайтын коммунистік Ресейдің қақпандай қатты құрсауында кіріптарлық жағдайда отырсақ та мемлекеттігіміздің ұстын-нышаны астанамыз Алматы еді ғой! Алматы десек бүкіл Қазақстан, Қазақстан десек көзімізге Алматы елестейтін.

Менің азды-көпті шамалауымша, сол кеңестік кезеңдегі қазақтардың үлкенді-кішісінің Алматы жайлы қамкөңіл құпия толғаныстары осындай болатын. Және де, біздің буын Алматы туралы әңгімелерді бала жастан көп естіп, ертегідей еліктеп: «Қайран астанамызды бір көрсек-ау!» - деп, сағыныш отына күйіп, сарғайып өскендер едік.

Енді, міне, сол арманымыз орындалып, Алматының көшесінде жүрміз. Жай жүрген жоқпыз – Қазақстанның ең атақты, ең еңселі жоғары оқу орны ҚазГУ-де оқып жүрміз. Сондай-ақ, студенттік жылдарымыздың ішінде қазақтың Абай атындағы академиялық опера және балет театры мен М.О.Әуезов атындағы академиялық драма театрынан көңіліміз қалаған талай-талай спектакльдерді тамашаладық. Бір кереметі, сол жылдарда театрларға ел таласа-тармаса баратын. Күні бұрын билет алып қоймасаң, дәл

уағында кіре алмайтынсың, өйткені билет бітіп қалатын. Қазір ғой студенттерді алдап-арбап, кейде жалынып-жалпайып, үгіттеп, тіпті, қорқытып, желкелеп, зорлап-күштеп апарып жүргеніміз. Ол кезде мұндай емес еді. Бүгіндері сол күндерді ойлап: «Қайран заман-ай!»- дейсің. Сөйтіп жүріп, ақырында, дулы-думанды студенттік шағымыздың да қалай сырғып өте шыққанын аңдамай қалыппыз.

Ал, бүгін ол күндерді ойласақ, Алматыдығы студенттік жылдар көп жайларға көзімізді ашыпты, бас білдіріп, басалқалы жолға салыпты. Үлкен ұстаздарымыздан тәлім алып, өнегесін ұғып, қала бола ма, дала бола ма карапайым мектеп мұғалімі кәсібі мен әдебиет ғылымның қиындығы мол қия жолына шығыппыз.

Сондағы есте қалар аса елеулі сәттердің бірі – біздер қазақтың көркем әдебиеті мен мәдениетін, алуан салалы ғылымын жасап жатқан атақты

азаматтарының біразының жүздерін көріп, лебіздерін естідік. Олардың көпшілігі КазГУ-дің филология, тарих, журналистика сияқты факультеттерінде дәрістер оқиды екен.

Айталық, біздер Исмет Кеңесбаев, Мәлік Ғабдуллин, Бейсенбай Кенжебаев, Темірбек Қожакеев, Сұлтанғали Садырбаев, Лениншіл Рүстемов, Мәулен Балақаев, Темірғали Нұртазин, Белгібай Шалабаев, Кәкен Аханов, Зейнолла Қабдолов, Ханғали Сүйіншәлиев, Тұрсынбек Кәкішев, Мырзатай Жолдасбеков, Мұхтар Мағауин, Рымғали Нұрғалиев, Мархабат Томанов, Ыбырайым Маманов, Орынбасар Төлегенов, Хасан Кәрімов, Нұртай Карбанова, Аханай Дәулетова тағы басқа да өте білімдар, зиялы кісілерден сабақ алдық. Оқушы көпшіліктің санасында олардың бірі терең білімін аялай отырып ұқтыратын жайлы жайдары қалпымен, бірі қатқыл ұстанымымен, енді бірі әзіл-қалжың, юмор араластырғыш шеберлігімен, тағы бірі үтір-нүктеге дейін мән бергіш шығандаған талапшылдығымен және бірі баяу қозғалып, пәс сөйлейтін сыбызғыдай сырбаздығымен есте қалды. Кейінгі уақыттарда әлдекімдер олар жайлы әлдеқалай пысықсып артық-ауыс айта қалса да, сыпыра сылқита мақтап жатса да – баршасы өз кәсіптерінің сұңғыла білгіш мамандары еді. Әрқайсысының тек өздерін ғана даралап, мен мұндалатып танытып тұратын қасиет-кейіптері бар-тын. Және олары артық-кемдігіне қарамастан, нақ өздеріне құйып қойғандай жарасатын. Былайғы жұртқа тура солай болу керектей әсер тастайтын.

Аталған кісілердің арасында маған айрықша ықпал жасап, ғылыми шығармашылық іске баулығаны қадірлі ұстазым Сұлтанғали Садырбаев болды. Ол кісі бірінші курста «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» пәнінен дәрістер оқып, семинар сабақтарын жүргізді. Әлі есімде, алғаш көлем-ауқымы едәуір кең аудиторияға қара костюм, ақ көйлек киген қара торы жүзді, жүрісі екпінді, өзіне аса сенімді жігіт ағасы кіріп келе жатқанда, бәріміз өре түрегеліп ізет көрсеттік. Ә дегенде түр-әлпеті сұсты, қатал көрінді. Айтқандарына құлақ түріп, үйренісе келе байыптап байқағанымыз бұл кісі, әсіресе, сабақты зейін сала тыңдағанды, тапсырманы дер уағында орындағанды қалайды екен.

Оқыған дәрістерінің баршасы ғылыми тұжырымды, дәлел-деректеге бай, қызғылықты шығып, керемет тартымды өтетін. Шешен сөйлейтін, сөздері суретті, айшықты, естен қалғысыз бедерлі болып келетін. Содан да дәрістерін құштарлана тыңдап, сабақтарын жібермеуге ұмтылатынбыз. Тағы бір ерекшелігі – ол кісі лекция мен семинарға арнаған дәптерлеріміздің сыртқы ұқыпты тазалығына, ішкі мәтіннің мазмұндылығына, көркемдігіне ерекше мән беретін. Дәптердің ішкі-сыртқы беттеріндегі қазақ ауыз әдебиеті кейіпкерлерін өзімізше ойша елестетіп, сылап-сипап салған бояулы суреттерімізге ризашылықпен көз тоқтататын. Қайсыбір жұмыстарға аудитория назарын аударып, дәптердің иесін көтермелеп, мақтап қоятын, жақсы бағасын аямайтын. Жалпы, Сұлтан ағамыз студентке нашар, орташа баға қоймайтын. Баршамыз төрт пен бес алатынбыз. Сөйтсек, мұның сыры тереңде болып шықты – бұл кісі, ең алдымен, өзі жүргізетін «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» атты пәнді қадірлейді екен ғой. Халық әдебиеті кейіпкерлерін бейнелеген біздің дәптерге салған суреттеріміз, әйтеуір, келісіп тұрмаса да мақтайтындығы сындарлы ұстазымыз студенттердің өз еліне, жеріне, ұлтына деген сүйіспеншілігін барынша арттырып, азаматтық тұлғасын қалыптастыруды басты мақсат тұтқан екен ғой!

Осылайша ай артынан ай өтіп, жылдар жылжып, біздер бесінші курсқа да келіп қалыппыз. Бітіретін курс болғандықтан өзгелерден ерекше саналып, ай сайын қырық сом(рубль) стипендия аламыз. Сол кездің өлшемімен қарағанда бұл едәуір сома еді. Арамызда шаңырақ көтерушілер, тұрмысқа шығушылар бар өмірімізге ара-кідік той-томалақ араласып, әрі жиі-жиі туған күн дегендей вечер(сауқ-кеш) өткізісіп, күндеріміз шат-шадыман қызықтарға толы болды. Сөйтіп жүрген күндердің бірінде, қар кетіп, көктем туған кез, курстасым, қарағандылық Үмітжан деген қыз (бүгінгі М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры, менің досым филология ғылымдарының докторы, академик Уәлихан Қалижановтың зайыбы):

-Әй, Мүбәрәк, сен диплом жұмысын алдың ба?- дегені.

-Ол не?- деймін, ойымда дәнеме жоқ. Таңырқап тұра қалды.

-Ой-бу-у, ол не дейді ғой! Жүгір, Мүбәрәк, жүгір! Кафедраға тез жет, диплом тақырыбын ал, болмаса сен биыл оқуды бітіре алмайсың, шығып қаласың,- деп, арқамнан қойып-қойып қалды.

Бейқам жүрген басым, мынандай суық хабарды естіп, жүрегім зу-у ете түсті. Содан жүгіре басып, кафедраға келдім. Келсем кафедра меңгерушісі профессор, жарықтық Бейсекең, Бейсенбей Кенжебаев отыр екен.

-Иә, бала, неғып жүрсің,- деді.

-Диплом жұмысын алуым керек екен, жаңа естідім.

-Ей-й, не дейді! Ау, сен қайда жүргенсің? Тақырып жоқ, бітіп кетті.

Сөлбірейіп үн-түнсіз жерге қараймын. Сөйтіп отырғанда кафедраға Сұлтанғали Садырбаев кіріп келді.

-Ай, Сұлтанғали, мына бала тақырып алмапты, диплом жұмысына лайықты бір тақырып берші осыған,- деді Бейсекең. Сұлтанғали ағамыз бет-

аузын сауа сипап, маған біраз қарап отырды. Кенеттен, бері қарай ұмсына беріп:

-Уақыт тым аз. Бұл осы қазақ-қырғыз эпостары туралы жаза алар ма екен?- деп жан-жағына көз салды.

Ал, менің халім мүшкіл, шегінерге жер жоқ және бар есіл-дертім тезірек диплом тақырыбын алуым керек, нар тәуекел, сосын көре жатармыз. Іле-шала құр қалатындай асығып:

-Жазамын!- дедім, іштей өзіме де онша сене алмай.

-Жазасың ғой?!- деп, Сұлтекең тағы да пысықтады.

-Жазамын, жазамын,- деймін жанұшырып.

-Иә, сөйтіндер. Сұлтанғали, сен өзің жетекші бол бұған, деп Бейсекең бізді шығарып салды.

Былай шыға Сұлтекең менің диплом жұмысыма «Қазақ-қырғыз эпостарындағы ұқсастықтар мен өзгешеліктер» деген ат қойып берді. Жұмыстың тарауларын анықтап, кәдеге жарайтын әдебиеттерді атады. Ағайымның айтқандарын түгел жазып алып мен кеттім.

Бала кезімізде «Алпамыс батыр», «Қобланды батыр», Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», тағы басқа да жыр-дастандарды қайта-қайта көп оқушы едік. Енді, міне, ойда жоқта мына жерде соның пайдасы тиді. Және тағы, сол жылдарда қырғыздың «Манас» эпосы қазақшаға аударылып басыла бастаған болатын. Ал, «Эр Тоштүк» эпосын орысшасынан оқуыма тура келді. Мен сөйтіп, эпостардың көркем мәтінімен арпалысып жатқан кезімде, қайсыбір ылдым-жылдым студенттер диплом жұмыстарын бітіріп те қойыпты. Тіптен, кейбіреулері түптетіп те алған сияқты. Мұның үстіне факультетте дипломды кімнің қашан қорғайтыны сияқты кестенің жасалып жатқаны туралы да хабар дүңкілдеп жетіп жатты. Оларды естіп-білген сайын жаным шығып кете жаздайды! Содан не керек, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылып, ал кеп-кеп жанталасайын! Әйтеуір, Құдай ондағанда, бір айға жетер-жетпесте тұтастай жазып шықтым-ау!

Диплом жетекшім, Сұлтанғали ағайым, ара-тұра не істеп жатқанымды сұрап қоятын. Әдепкі тарауын парақтап көрген. «Дұрыс екен, осылай жаза бер»,- деп қанағаттанған, бірталай кеңес берген еді. Сұлтан ағайымның солай жақтырып, қоштағаны маған қанат бітіріп, жазуым өте тез жүрді. Түгелдей аяқтап, жетекшім шақырған соң, үйіне барып, жұмысымды ақырындап, сақтана-сақтана, қыл үстінде жүргендей қипақтап оқып бердім. Сондағы Сұлтанғали ағатайымның қуанғанын көрсеңіз! Әбден риза болды. Әп дегенде менен күдіктенгенін, жаза алмас деп қауіптенгенін айтты. Дегенмен, Үмбетаевтың мынандай күрделі мәселені адасып кетпей, ойдағыдай орындап шыққанына таңырқап отырғанын да жасырмады. Біраз ойланып-толғанып, ырғалыңқырап барып, аспирантураны сөз қыла бастады. Бірақ аспирантура жабық, жоқ екен. Кеңестік қызыл империя қазақ әдебиетінің адымын аштырмай, қысқартып тастапты.

Ақырында, көп ұзамай кезегіміз келіп, жұмыстарымызды барлығымыз да көңілдегідей қорғап шықтық. КазГУ-дің филология факультетін бітіргендігімізді куәландыратын дипломдарымызды алдық. Тағдыр айдап,

әркім әр жаққа кетті. Біразы Алматыда қалды: газет-журнал, радио-телевизия редакцияларын жағалады, өзге де алуан түрлі баспаларда әдеби қызметкер атанды. Қайсыбір тобы қазақ тілі мен көркем әдебиеті мәселелерін зерттеу жолына түсті: соңыра ғылым кандидаттары, докторлары, академиктері лауазымдарын алды.

Ал, мен болсам, студенттік тұрмысымның жұқа-жадау болғаны соншалықты, тезірек Алматыдан шығып кетсем екем дедім. Әлде, квартирада ұзақ жүргендіктен бе, қайдам, бұл Алматы дегеніңіз басқа жат жұрттықтар басып қалған, қазақтар қараң-құраң, бөтендер бізге тоң-торыс, суық, мейірімсіз, тәкаппар қала болып шықты. Енді, міне, бір кезде армандай болған Алматыдан екі қолымды төбеме қойып қашып барам! Дипломды алған бетте, көп кешікпей пойызға отырып, жүріп те кеттім. Пойыз қозғалғанда вагон терезесінен сыртқа қарап отырып, «Үh-h, Аллаһ!» дегенім әлі есімде. Не айтары бар, содан оңтүстіктің бір қиыр шетіндегі Мойынқұм атырабындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі қызметін жеті жылдай атқардым. Сол кеткеннен мол кетер ме едім, кім біледі, мүмкін, несібем шығар, мені кафедра меңгерушісі профессор Бейсенбай Кенжебаев пен фольклорист оқымысты Сұлтанғали Садырбаев ұмытпапты.

Ол кез – орыстандыру саясатының барынша шыңғыра шырқап тұрған уағы еді. Салдары жамандыққа бастады: ұлт әдебиеті мен мәдениеті, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері аяқ астында қалды. Мектептердегі қазақ тілі пәні бір сағатқа қысқартылып, ол сағат орыс тіліне берілді. Жоғары оқу орындарындағы қазақ әдебиетінің аспирантурасы біржолата, әлдеқашан жабылған болатын. Бұл аздай 1975 жылы орыс тілін одан әрмен тереңдетіп, жетілдіріп оқыту жөніндегі бүкілодақтық конференцияны сонау Ташкентке апарып өткізді. Шамасы, қазақтарды орыстандырып болдық дегендегісі ғой деймін. Осындай сұры жаман уақытта Бейсекең мен Сұлтекең оқу министрлігінің табалдырығын тоздырып жүріп, әуіріммен қазақ әдебиеті аспирантурасын әрең дегенде қайтадан ашты-ау! Сондағы бір адамдық орынға бәрі жабылып жүріп, мені қабылдады ғой! Ғылыми жұмыс ретінде Сүйінбай Аронұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеуді міндеттеді. Абырой болғанда, 1981 жылы «Сүйінбай Аронұлының поэзиясы және оның

тарихи негіздері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғап шықтым. Нәтижесінде «Пірім менің – Сүйінбай» атты монографиям «Қазақ университеті» баспасынан жарық көрді[6]. Сол сол-ақ екен, Сүйекеңнің ақындық даңқы бұрынғыдан бетер дүрілдеп жүріп кеп берді. Алматының үлкен бір көшесі Сүйінбай даңғылы атанды. Ауыл, мектептерге ақын есімі беріле бастады. Өзінің атын алған ауылда әдеби-тарихи мемориалды музейі жұмыс істеп тұр. Алматы облыстық Сүйінбай филармониясы ашылды. Атақты композиторымыз Нұрғиса Тілендиев «Сүйінбай сазы» күйін шығарды. Тәуелсіздік таңы атқан соң, бұл іс одан арман қарай жалғасын тапты: ақынның қабіріне зәулім мавзолей тұрғызылды, облыс орталығы

Талдықорған қаласында Сүйінбай ақынның бойымен бірдей ескерткіші орнатылды. Айтуға ғана жеңіл болғанымен, осындай-осындай бейнетті, қам-

каракеті орасан, халық үшін игілікті, аса маңызды жұмыстардың басы-касында үнемі қадағалап профессор Сұлтанғали Садырбаев жүрді.

Профессор Сұлтанғали ағамыз өзінің ұзақ жылдық ұстаздық-ғалымдық қызметінде қазақ халқының фольклоры мен халық ақындары шығармашылықтары турасында көп еңбектеніп, ұлы ақындар Сүйінбай мен Жамбылдың әдеби мұраларын жинастырып, жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеп, жыр жинақтарын том-том етіп дүркін-дүркін жарыққа шығарды. Әсіресе, жыр дүлдүлі Сүйекеңнің, Сүйінбайдың жаңа өлеңдерін ел арасынан тауып, алғы сөздерін жазып, бірнеше рет жеке-жеке кітап етіп бастыруы айрықша назар аударады. Атап айтқанда, профессор Сұлтанғали Садырбаев қазақ-қырғызға даңқы шыққан бабасы Сүйінбайдың өлеңдерін әлденеше мәрте «Сүйінбай Аронұлы. Ақиық», «Сүйінбай Аронұлы. Шығармалары», «Сүйінбай», «Сүйінбай Аронұлы. Бөрілі менің байрағым», «Сүйінбай Аронұлы. Өлең сөздің жарық жұлдызы»[1] деген аттармен ғылыми алғы сөздерін жазып, том-том қылып қалың оқырман жұртшылықтың қолына тигізді.

Әсіресе, даралап айтарымыз – 2010 жылы біздер, Қазақстан Республикасының қалың оқырман халқы, тағы да бір ерекше зор, аса сүйінішті оқиғаның куәсі болдық. Онымыз соңғы жылдары қадірлі Сұлтан ағамыздың тікелей құрастыруымен, көлемді алғы сөзімен жарыққа шыққан «өлеңді кеудесінен желше соқтыра беретін»(Ілияс Жансүгіров)[2] Сүйінбай

ақынның жаңа қос томдық жыр жинақтары еді. Ол жыр жинақтары «Бөрілі менің байрағым» және «Өлең сөздің жарық жұлдызы» деп аталады.

Өлең сөздің қызыл желі атанған поэзия саңлағының бұл жыр жинақтары соно-о-оу Ұлыбританияның(Англия) астанасы Лондондағы Халықаралық Абай үйінің ұйымдастырушы-жетекшісі, белгілі жазушымыз Роллан Сейсенбаевтың қамқорлығымен көз тартарлықтай жасандырылып басылған. Осы тұста тағы бір айрықша көңіл аударатын жай – Сүйінбай Аронұлының «Бөрілі менің байрағым» атты таңғаларлықтай көркем безендірілген, көрнекті де көлемді бұл өлеңдер жинағы Қазақстан Республикасының бірінші президенті, қастерлі Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың «Кітап – ең сабырлы ұстаз» деген жалынды құттықтау лебізімен ашылған. Ал, кітаптың «Сұлу, сырлы сөздері» атты алғы сөзін Сұлтекең жазған. Және тағы Қазақстан Республикасы Президенттік мәдениет орталығының директоры Мырзатай Жолдасбековтың «Ақиық» атаулы толғанысы ұсынылған. Сондай-ақ, Сүйінбай Аронұлының аталған өлеңдер жинағының 231-253-беттерінде осы жолдардың авторы Мүбәрәк Үмбетаевтың «Әділет жолы – ақын жолы» деген көлемді зерттеуі берілген.

Қорыта келгенде, ұлы жырау Сүйінбайдың аяулы шөбересі Сұлтанғали Садырбаев – филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультеті Қазақ әдебиетінің тарихы және теориясы кафедрасының профессоры болды.

-7-

Ұзақ жылдар бойы университет көлеміндегі М.Әуезов атындағы әдеби бірлестігін басқарды, кейінгі жылдары Фольклортану оқу-зерттеу бөлімінің

меңгерушісі қызметтерін атқарды. Өлең сөздің пірі Сүйінбай ақынның ел-жұртқа кеңінен танымал ұрпақтарының ең атақтысы, ең көрнектісі фольклорист-оқымыстымыз, профессор Сұлтанғали Садырбаев еді десек, еш артық айтқандығымыз емес!

Айтыс өнерінің жұлдызы Сүйінбай ақынның туған ұрпағы Сұлтанғали Садырбаев 1931 жылы Алматы облысы Жамбыл ауданы Қарақыстақ(қазіргі Сүйінбай ауылы) ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Сол жылдарда данышпан жазушы, академик Мұхтар Әуезовтің әкелік мейірім, шапағатын көрген. Соңыра Ұлы Отан соғысының батыры, фольклоршы-оқымысты Мәлік Ғабдуллиннің ағалық ыстық ықыласына бөленген. Осындай кемел ойлы кеменгер кісілердің мектебінен өткен Сұлтанғали Садырбаев 1965 жылы «Қазақ эпосының тұтастану мәселесі» деген тақырыпта кандидаттық, ал 1994 жылы «Халық әдебиетінің тарихи негіздері» атты тақырыпта докторлық диссертациялар қорғаған.

Гибратты ұстаз Сұлтанғали Садырбаев өмірінің соңына дейін «Қазақ халық ауыз әдебиеті», «Шешендік сөздердің тарихы мен теориясы», «Дала уалаяты» газетінің публицистикасы», «Риторика» атты пәндерден филология және журналистика факультеттерінде дәрістер оқыды. Оқытушылық міндеттерін орындай жүріп, ол том-том монографиялар мен оқу құралдарын жазды. Олар: «Фольклор және эстетика»(1976), «Қазақ халқының ауыз әдебиеті: хрестоматия»(1977), «Қазақ халық әдебиеті: хрестоматия»(1990), «Халық әдебиетінің тарихи негіздері: оқу құралы»(1992), «Фольклор және Жамбыл: оқу құралы»(1996), «Образцы казахской народной литературы: Тексты и переводы. Под общей редакцией профессора Султангали Садырбаева»(2004), «Сөз асылы – сөзде: қанатты сөздер және фольклор»(2009)[3]. Мұнан өзге профессор С.Садырбаев қазақ халқының ұлы ақындары Сүйінбай мен Жамбылдың өлеңдер жинақтарының текстологиясын таразылап, ғылыми алғы сөздерін, түсініктемелерін жазып, «Жазушы», «Ғылым», «Білім», «Халықаралық Абай клубы» баспаларынан әлденеше дүркін жарыққа шығарды. Бұған қоса С.Садырбаев керемет көрегендік танытып, Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» («Киргизская хрестоматия») кітабын жаңадан қайта қарап, бүгінгі көзқарас тұрғысынан екшеп, ондағы бұрынғы кеңестік қызыл саясат кесірінен түсіп қалған өлең жолдарын орнына қойып, 2003 жылы «Білім» баспасы арқылы жұртшылық қолына тигізді[4]. Фольклорист-ғалымның тағы бір айта қалғандай еңбегі ол қазақ эпосының інжу-маржандары «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»(2005), «Қыз Жібек»(2008) жырларының нұсқаларын «Қазақ университеті» баспасынан көпшілікке ұсынды[5]. Сонымен бірге, Сұлтекең – Сүйінбай, Жамбыл туралы көптеген деректі кинофильмдердің де авторы.

Ұстаздық ұлағатты еңбектері мен қазақ әдебиеті ғылымына қосқан зор үлесі үшін Сұлтанғали Садырбаев ағамызға «Қазақстан ғылымына ерекше

-8-

еңбегі сіңген қайраткер» атағы берілген және тәуелсіз Қазақстан Республикасының «Құрмет» орденімен марапатталған. Ыбырай(Ибраһим)

Алтынсарин және Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтардың лауреаты. Маңғыстау облысындағы Форт – Шевченко қаласы және Алматы облысының Қарасай, Жамбыл аудандарының Құрметті азаматы атанды.

Ойхой, дүние-ай десеңіші! Бүкіл түркі дүниесінде ақпа ақындық қабілет айрықша дарыған қазақ пен қырғыз халықтарына есімі етене жақын, таңғажайып фольклоршы, эстет оқымысты Сұлтанғали Садырбаев 2013 жылы тамыз айында, қасиетті Қадыр түнінде 83 жасында бақилық сапар шекті. Сүйегі ұлы ақын-бабасы Сүйінбай мавзолейінің жанына жерленген.

1. Сүйінбай Аронұлы. Ақиық. –Алматы: Жазушы, 1975. -140 бет;
2. Сүйінбай Аронұлы. Шығармалары. –Алматы: Жазушы, 1990. -144 бет;
3. Сүйінбай. Таңдамалы шығармалары. –Алматы: Білім, 1996. -152 бет;
4. Сүйінбай Аронұлы. Бөрілі менің байрағым. –Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2009. -272 бет; Сүйінбай Аронұлы. Өлең сөздің жарық жұлдызы.–Алматы: RS, 2010. -124 бет.
5. Садырбаев С. Фольклор және эстетика. –Алматы: Жазушы, 1976. -152 бет;
6. Садырбаев С. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Хрестоматия-оқулық. – Алматы: Мектеп, 1977. -224 бет; Садырбаев С. Қазақ халық әдебиеті.
8. Сүйінбай ақын. Өлеңдер жинағы, құрастырғандар: І.Жансүгіров пен
9. Ф. Ғабитова. –Қызылорда: Қазкөркемәдеббас, 1935. -74 бет
10. Хрестоматия, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. –Алматы: Рауан, 1990. -240 бет; Садырбаев С. Халық әдебиетінің тарихи негіздері: оқу құралы. –Алматы: Қазақ университеті, 1992. -216 бет;
11. Садырбаев С. Фольклор және Жамбыл: оқу құралы. – Алматы: Ана тілі, 1996. -240 бет; Садырбаев С. Образцы казахской народной литературы: Тексты и переводы. Под общей редакцией профессора Султанғали Садырбаева. –Алматы: Білім, 2004. -240 с.; Садырбаев С. Сөз асылы – сөзде (қанатты сөздер және фольклор). – Алматы: Қазақ университеті, 2009. -292 бет.
12. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы (Киргизская хрестоматия). Жалпы редакциясын басқарған профессор Сұлтанғали Садырбаев. –Алматы: Білім, 2003. -112 бет.
13. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының нұсқалары. Жалпы редакциясын басқарған профессор Сұлтанғали Садырбаев. –Алматы: Қазақ университеті, 2005. -172 бет;
14. «Қыз Жібек»(лиро-эпос). Жалпы редакциясын басқарған профессор Сұлтанғали Садырбаев. –Алматы: Қазақ университеті, 2008. -258 бет.

15. Үмбетаев М. Пірім менің – Сүйінбай. –Алматы: Қазақ университеті, 1992.-144 бет.